

## Благодар ауылдық округінің Ақшат ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Благодар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 шілдеде № 4438 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Благодар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Благодар ауылдық округі әкімінің 05.01.2016 № 1 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 7 шілдедегі № 5-2/262 санды ұсынысы негізінде, Благодар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Благодар ауылдық округінің Ақшат ауылы аумағына, ұсақ мүйізді малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Благодар ауылдық округінің әкімі*

*Б.Дарин*